

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨЗІН-ӨЗІ РЕТТЕУ ИНСТИТУТЫ: АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙЫ МЕН ДАМУ ЖОЛДАРЫ

УДК 334.78:346.232

Аңдатпа. Осы мақалада Қазақстан Республикасындағы өзін-өзі басқару институтын қалыптастыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстардың ағымдағы жағдайы қарастырылып отыр. Қазіргі уақытта Қазақстанда өзін-өзі реттеу мен жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуға азаматтардың қатысуын кеңейту үшін ауқымды әкімшілік реформа жүргізілуде. Осы мақалада өзін-өзі реттеу қағидаттары енгізілетін кейбір салалар қарастырылған, сондай-ақ өзін-өзі реттеу институтын қалыптастыру бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстың тиімділігін арттыру үшін бірқатар ұсынымдар берілген.

Тірек сөздер: азаматтық қоғам, өзін-өзі реттеу институты, өзін-өзі реттейтін ұйымдар, кәсіпкерлік, әкімшілік реформа, қоғамдық мүдделер.

Abstract. This article discusses the current state of the ongoing work on the formation of the institution of self-regulation in the Republic of Kazakhstan. Currently, Kazakhstan is conducting a large-scale administrative reform to increase the participation of citizens in the development of self-regulation and local self-government. This article discusses some areas where the principles of self-regulation are introduced, and suggests a number of recommendations to improve the efficiency of the work on the formation of the Institute of self-regulation.

Keywords: civil society, self-regulation institution, self-regulating organizations, entrepreneurship, administrative reform, public interests.

Аннотация. В данной статье рассматривается современное состояние проводимых работ по формированию института саморегулирования в Республике Казахстан. В настоящее время в Казахстане проводится масштабная административная реформа по повышению участия граждан в развитие саморегулирования и местного самоуправления. В статье рассматриваются некоторые сферы, где внедряются принципы саморегулирования, а также предлагается ряд рекомендации для повышения эффективности проводимой работы по формированию института саморегулирования.

Ключевые слова: гражданское общество, институт саморегулирования, саморегулируемые организации, предпринимательство, административная реформа, общественные интересы.

JEL code: H83, K23, L26, L31

Л.С. ЖҮСІПОВА

ҚР Президентінің жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы Басқару институтының магистранты

Қазақстан Республикасының бүгінгі таңдағы даму сатысында мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі халықтың өмірі үшін неғұрлым қолайлы жағдайлар жасау, азаматтық қоғамды құруға ықпал ету, азаматтардың кәсіпкерлік бастамаларын жан-жақты қолдау болып табылады [1]. Осы бағытта жасалып жатқан жұмыстардың маңызды бөлігі ретінде әкімшілік реформа аясында билік сатыларының арасындағы құзіреттіліктің ара-жігін ашып, басқаруды орталықсыздандыру жұмыстарын айта кеткен жөн.

Ғылыми әдебиетте азаматтық қоғамның пайда болуы үшін қоғамдық үрдістерді реттеу бойынша мемлекеттің функцияларын мүмкін деңгейге дейін шектеу, сондай-ақ азаматтардың экономикалық, мәдени, рухани және саяси

тұрғыда өз мүмкіндіктерін жүзеге асыру құқығы маңызды шарттардың бірі ретінде көрсетіледі. Сонымен азаматтық қоғам өз іс-әрекетіне жауапты тұлғалардың өз мүдделерін қорғау үшін құрылған мемлекеттен тәуелсіз горизонталды байланысқан қоғамдық институттар мен ұйымдардың жиынтығын қамтиды [2].

Азаматтық қоғамды құру азаматтар мен олардың бірлестіктерінің қоғамды қалыптастыратын әлеуметтік бастамаларға қатысуын білдіреді. Азаматтық қоғам азаматтарға өз ойлары мен пікірлерін білдіру, қоғамдық бірлестіктерге бірігу мен оларды қолдау еркіндігін береді. Азаматтардың бастамаларға қатысу еркіндігінің өзге аспектісі мемлекеттің араласуынсыз немесе шектеуінсіз өз бастамаларының мақсаттарын айқындау еркіндігінің

дәрежесі болып табылады [3]. Қазақстанда қоғамдық бірлестіктер кәсіпкерлер, азаматтар және өзге де топтардың белгілі бір мақсаттары мен мүдделеріне бағытталып жұмыс жүргізетінін айта кеткен жөн.

Мұнда «Қоғамдық бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларына сәйкес, қоғамдық бірлестіктер деп саяси партиялар, кәсіптік одақтар және азаматтардың жалпы мақсаттарға қол жеткізу үшін ерікті негізде құрған, Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа да бірлестіктері танылады [4].

100 нақты қадам – Ұлт Жоспарының 97-қадамы шеңберінде өзін-өзі реттеуді дамыту арқылы шешімдер қабылдау үрдісіне қатысу үшін азаматтардың мүмкіндіктерін кеңейту, мемлекетке тән емес функцияларды бөсекелі ортаға және өзін-өзі реттейтін ұйымдарға беру туралы міндет белгіленген болатын [5].

Осы мақаланың негізгі мақсаты мемлекеттік саясаттың негізгі бағыттарының ұштасқан жері – азаматтық қоғам құру және экономикалық даму бағыттарының құрамдас бөлігі болып табылатын өзін-өзі басқарудың бір түрі өзін-өзі реттеу институтының қалыптасуына ықпал ететін алғышарттар мен үрдістерді қарастырып, шет елдердің тәжірибесіне талдау жасап, ұсыныстар сомдау болып табылады.

Жаһандану заманында Қазақстан экономикалық үрдістерге ілесуі және экономикасы дамыған мемлекеттер қатарынан табылуы үшін сыртқы сауда нарығында бәсекеге қабілетті және икемді экономикасы болуы тиіс екені даусыз. Сонымен бірге, нарықтық экономиканың айырылмас бөлігі кәсіпкерліктің хал-ахуалына тікелей әсері бар институционалдық ортаны қалыптастыру маңызды алғышарттардың бірі.

Осыған орай, кәсіби және кәсіпкерлік қызметтердің кейбір салаларында мемлекеттік реттеудің орнына өзін-өзі реттеу институтының енгізілуін негізге ала отырып, өзін-өзі реттеу жүйесіне зерттеу жасалды. Әкімшілік реформа шеңберінде жүргізіліп отырған бәсекелестік ортаға мемлекеттік функцияларды беру үрдісі жалпы өзін-өзі реттеу институтын қалыптастыруға және кәсіби және

кәсіпкерлік қызметтегі артық мемлекеттік реттеуді алып тастау арқылы олардың дамуына оң ықпалын тигізеді деген гипотеза қарастырылады.

Жоғарыда келтірілген стратегиялық құжаттарда көзделген мақсаттарға жету бағытында, әрі Қазақстанда өзін-өзі реттеу институтын қалыптастыру мақсатында құқықтық негізін қалау үшін 2015 жылғы қараша айында «Өзін-өзі реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

Айта кету қажет, тәуелсіздік алған уақыттан бері Қазақстанда коммерциялық емес және өзін-өзі басқаратын ұйымдар болып табылатын және осы ұйымдар мүшелерінің мүдделерін қорғайтын біріктіруші орган ретінде бірқатар кәсіби ұйымдар қалыптасқан болатын. Олардың ішінде кеңінен танымал болып кеткен кәсіби бірлестіктер – республикалық, облыстық адвокаттар алқалары және нотариаттық палаталар.

Сондай-ақ, 2010 жылы «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданған еді, мұнда жеке сот орындаушылары институтымен, оларды біріктіретін кәсіби ұйымы – республикалық жеке сот орындаушыларының палатасын құрудың заңды түрде негізі қаланды [6].

Республикалық адвокаттар алқасы мен нотариаттық палата тәрізді бұл кәсіптік бірлестіктің мүшелерінің қызметін үйлестіретін коммерциялық емес ұйым болып табылады. Сонымен бірге, осы аталған кәсіптік ұйымдар мақсаттарының бір-бірінен айырмасы бар және тұтынушылардың құқықтарын қорғау шараларын нотариаттық қызметтен басқалары нақты түрде қарастырмайды. Осы кәсіби салалардағы ұйымдардың кейбір ерекшеліктері өзін-өзі реттеу ұйымдарына тән сипатқа ие, бірқатар функциялары бар ұйымдарды айта кеткен орынды болады.

Жоғарыда аталған құқықтық көмек көрсетудің барлық салаларында кәсіби қызмет көрсететін тұлғалардың қателіктері осы тұтынушылар үшін келеңсіз салдарларға алып келуі мүмкін. Ал егер мемлекеттік реттеу орнына өзін-өзі реттеу енгізген жағдайда, өзін-өзі реттеу ұйымдарына мүше-қатысушылар өз

тұтынушылары алдында мүлдікті жауапкершілікті алып жүретін арнайы міндеттері болуы себепті осы залал келтіру тәуекелдерін төмендетуге ынталы болады.

Осыған байланысты, өзін-өзі реттеу саласындағы құқықтық негіздерді айқындауға бағытталған модельдік заңды қабылдау кәсіби ұйымдар үшін бірыңғай ережелер қалыптастырудың қажетті сатысы болып табылады. Сонымен бірге, модельдік заңды қабылдаған мезгілден бастап, жүргізіліп жатқан жұмыстар мен іс-шаралардың нәтижелеріне тиісті талдаулар жасап, зерттеу жүргізудің өзектілігі жоғары деп пайымдалады.

Мақаланың тақырыбына негіз болып отырған өзін-өзі реттеу институтына пәнаралық сипаттама ие екенін шетелдік ғалымдар М. Лагас, Т. Адамс, Е. Ферран, С. Эмменеггер, Д.А. Петров, П.В. Крючкова, И.В. Ершова, Ю.Г. Лескова, А.Н. Ряховская, В.А. Горемыкин, Е.К. Глушко, М.В. Ткаченконың еңбектерінен байқауға болады.

Мәселен, А.А. Аузанның жалпы редакциясында әзірленген институционалдық экономика жаңа экономикалық теория пәні шеңберінде өзін-өзі реттеу экономикалық реттеудің бір түріне жатады деп есептелген. Мұндағы авторлардың бірі П.В. Крючкованың экономикалық реттеу тұрғысынан өзін-өзі реттеу экономикалық агенттер тобының қызметін реттейтін ережелерді белгілеу, өзгерту және бейімдеуі, реттеу тәртібін басқаруға заңды құқығы бар институт ретінде танылады деген тұжырымдамасы берілген. Бұл ретте, мемлекеттің тікелей араласуынсыз «ойын ережелерін» нарық қатысушыларының өздері белгілеуі деп түсіндіреді [7].

Ал Д.А. Петровтың пікірінше, өзін-өзі реттеуді ашық және күрделі мемлекеттік емес жеке-құқықтық қатынастарды реттеу жүйесі ретінде қарастыруға болады, әрі өзін-өзі ұйымдастырудың жалпы санаттарынан бөлек қарастырып, әлеуметтік реттеу тетіктерінің бір түрі ретінде қабылдауға болады. Сол себепті өзін-өзі реттеудің мемлекеттік реттеуден өзгеше деген тұрғыдан қарастыру керек деген [8]. Сондай-ақ, бұл ретте өзін-өзі реттеу институты кәсіпкерлік құқық саласының жеке және қоғамдық

қатынастарды реттейтін кешенді құқықтық институт деген И.В. Ершованың тұжырымын айта кеткен жөн [9].

Сонымен бірге, осы мақала шеңберінде канадалық ғалым Трейси Л. Адамстың өзін-өзі реттеу институтының даму барысына жасаған зерттеуі қарастырылған. Автордың пікірінше қолдану тәжірибесіне көңіл бөліп, қоғам мүддесі мен кәсіп иелерінің өзін-өзі реттеудегі мақсаттары үйлесімді болған кезде кәсіби ортаға мемлекеттік реттеуден тәуелсіздік берген орынды деген пікір білдірген [10].

Ал А.Ф. Алғазина болса өзін-өзі реттеуді қоғамдық басқарудың бір түрі ретінде қарастырады, өйткені өзін-өзі реттеуші ұйымдар ережелер мен стандарттар әзірлеп, бекітеді, әрі осы ережелерді ұстану барысына бақылау жүргізіп, жазалау шараларын қабылдайды [11].

Бұдан басқа, Е. Ферранның еңбектеріне жүгінсек, мұнда қаржы салаларындағы өзін-өзі реттеу институтының ішкі бақылауының тиісті деңгейде болмауы салдарларынан тұтынушыларға келген залалдар қайталанбауы үшін Ұлыбританияда қадағалау органы құрылып, мемлекеттік реттеу енгізілгені жөнінде баяндайды [12].

Ал А.Н. Ряховскаяның Ресейдегі өзін-өзі реттеу институтының дамуы мен шарттары атты мақаласында азаматтардың бастамалық қабілетін дамыту мақсатында жаңа басқару әдістерін енгізу және оны сынап көру міндеттері тұр деп көрсеткен. Сондай-ақ, осы өзін-өзі реттеу институтының шетелдегі тәжірибесін негізге алып, оның тиімді жұмыс істеуінің маңызды шарты кемелденген демократиялық қоғамның болуы керек деп көрсеткен [13].

Егер батыс елдеріне кәсіптік ортаның өзін-өзі реттеу институты мемлекеттік реттеуден көп жағдайда тәуелсіз тіршілік еткен, ал мемлекет кейінірек реттеу үрдісіне араласа бастаған болса, Қазақстан мен бұрынғы кеңестік республикаларында бұл үрдіс керісінше сипатқа ие. Бұрынғы кеңестік ортадан шыққан мемлекеттер алдында мемлекеттік реттеуді төмендету арқылы кәсіпкерлікті бірігуге ынталандырып, жаңа нарықтық жағдайда бәсекеге қабілеттілігін

жоғарылату, тұтынушылар мүдделерін тиімді қорғау жүйесін қалыптастыру мақсаттары тұр.

Сол себепті, автор кәсіби және кәсіпкерлік салаларындағы өзін-өзі реттеу жүйесіне зерттеулер жүргізіп, осы өзін-өзі реттеу институтының қоғамдық мүдделерге қызмет ету деңгейіне бағасын бере отырып, жетістіктері мен қайшылықтарын қарастырған алыс және жақын елдердің ғалымдарының еңбектерін Қазақстанда өзін-өзі реттеу институтының қалыптастыру барысында осы кемшіліктердің алдын алу мақсатында қарастырған орынды деген тоқтамға келді.

Жүргізіліп отырған зерттеуде теориялық және әдістемелік тұрғыдан Қазақстан Республикасының стратегиялық құжаттары, оның ішінде 2012 жылғы 14 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан-2050 Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 100 нақты қадам – Ұлт жоспарының 97-қадамы, Қазақстан Республикасының заңнамалық актілері, шетелдік және отандық ғалымдардың осы салаға қатысты еңбектері негізге алынды. Сондай-ақ, Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы жанындағы Тұтынушылар жөніндегі саясат комитетінің және Канада, Австралия мемлекеттік органдарының тапсырысымен өзін-өзі реттеу институтының қоғамдық мүдделерге, тұтынушылар және басқа да нарық қатысушыларының мүдделері мен құқықтарын қорғау тұрғысынан әзірленген есептер қарастырылып талдау жасалды.

Автормен жалпы ғылыми таным әдістері, оның ішінде анализ және синтез, индукция мен дедукция, салыстырмалы және функционалды, жүйелік-құрылымдық талдау және сарапшылық бағалау әдістері зерттеу барысында қолданылды. Осы мақала шеңберінде «Өзін-өзі реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының нормаларына сәйкес елдегі өзін-өзі реттеу институтының мәні, оған берілетін анықтама, құқықтық негізі мен даму барысы, сондай-ақ, басқа мемлекеттердегі өзін-өзі реттеу институтының тарихи даму барысы мен оны қолдану тәжірибесі қарастылады.

Өзін-өзі реттеу ұйымы ретінде жеке кәсіпкерлік субъектілерінің немесе кәсіби қызмет субъектілерінің ерікті не міндетті түрде қатысуына негізделген коммерциялық емес ұйым болып табылады. Өзін-өзі реттейтін ұйым – бұл жеке кәсіпкерлік немесе кәсіби қызмет субъектілері мақсатының ортақтығы қағидаты бойынша құрылған бірлестігі [14].

«Өзін-өзі реттеу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының қабылдануын кәсіби және кәсіпкерлік қызметті жүргізудің қолайлы ортасын құру, сондай-ақ мемлекеттік реттеуді төмендету бойынша Қазақстанның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге ықпал етуге тиіс жаңа реттеу институтын қалыптастырудың бастамасы ретінде атап көрсетуге болады.

Сонымен, заңда берілген анықтамаға сәйкес өзін-өзі реттеу – өзін-өзі реттейтін ұйымдардың ережелері мен стандарттарын бекітуге, оларды өзін-өзі реттеу субъектілерінің ұстануына бақылауды жүзеге асыруға, сондай-ақ олардың мүліктік жауапкершілігін қамтамасыз етуге негізделген жеке және заңды тұлғалардың өздері жүзеге асыратын кәсіпкерлік немесе кәсіби қызметін дербес реттеуін белгілеуге бағытталған шаралар кешені болып табылады [14].

Жоғарыда аталған анықтамаға сәйкес, өзін-өзі реттеу мемлекеттік реттеуге балама болуға керекті барлық компоненттерді қамтиды. Егер бизнес қауымдастығы ортақ құндылықтарға қатысты міндеттемелерді қабылдап, өздігінен реттелуге бейім болып, және ережелер мен стандарттарды сақтау керек екеніне сенімді болған жағдайда, кәсіпкерліктің қай саласы болса да мемлекеттік реттеуді түбегейлі түрде төмендетуге орынды болатынына күмән жоқ.

Қазіргі уақытта «Өзін-өзі реттеу туралы» Қазақстан Республикасының Заңында өзін-өзі реттеудің негізгі қағидаттары мен мақсаттары айқындалып беріліп отыр. Мұнда:

заңдылық,
теңдік,
өзін-өзі қаржыландыру,
жауапкершілік,
қызметтің ашықтығы,
өзара көмек,

тәуелсіздік пен мүдделерді қорғау қағидаттары белгіленген [14].

Сонымен қатар, Заңда көзделген отандық тауарлардың (жұмыстардың, қызметтердің), экономика салаларының сапасын көтеру және бәсекеге қабілеттілігін арттырумен нарыққа қатысушылардың тұтынушылар алдындағы жауапкершілігін күшейту мәселелері де жоғары маңызға ие.

Сондай-ақ, өзін-өзі реттеу Заң нормаларына сәйкес субъектілердің өзін-өзі реттейтін ұйымға ерікті және міндетті мүшелігіне негізделгенін айта кету қажет. Өзін-өзі реттейтін ұйымға міндетті мүшелікке негізделген өзін-өзі реттеуді енгізу кезінде уәкілетті мемлекеттік орган және мүдделі тұлғалар реттеушілік әсерді талдау рәсімін жүргізуі тиіс [15].

Реттеушілік әсерді талдау рәсімі Қазақстанда 2015 жылдан бастап қолданыла бастаған мемлекеттік реттеу мақсаттарына қол жеткізуді бағалау бойынша жаңа құрал болып табылады. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік кодексінде берілген анықтамаға сәйкес, реттеуші әсерді талдау енгізілетін реттеуші құрал мен онымен байланысты талаптардың пайдасы мен шығындарын салыстырудың талдамалық рәсімі болып табылады.

Реттеушілік әсерді талдау мақсатына – белгілі бір мақсаттарға қол жеткізу немесе мәселелерді шешу үшін реттеудің баламалы тәсілдерін бағалау арқылы нақты реттеушілік құралдарды пайдалану бөлігінде мемлекеттік саясаттың тиімділігін арттыру жатады [15].

Айта кету керек, 2017 жылғы қыркүйек айында Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің сайтында жүргізілген жұмыстардың қорытындысы бойынша бәсекелес ортаға және өзін-өзі реттейтін ұйымдарға:

бағалау қызметін реттеу;
азаматтардың көрсетілетін медициналық көмектің деңгейі мен сапасына қанағаттану дәрежесін айқындау;

экология саласындағы қызметтерді реттеу жөніндегі функцияларды беру мақұлданғаны жөнінде мәліметтер орналастырылған еді [16].

Тиісті нормалар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық

актілеріне мемлекеттік функцияларды бәсекелестік ортаға беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасында көзделген болатын. Аталған заң жобасы мемлекеттік функцияларды бәсекелі ортаға беру жөніндегі негізгі ережелерді, функцияларды іске асыру сапасына мониторинг жасауды, жүзеге асыру тетіктерін, әлеуетті орындаушылардың құқықтары мен міндеттерін қамтыды.

Осы заң жобасы 2018 жылғы 13 маусымда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің жалпы отырысында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік функцияларды бәсекелі ортаға беру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы бірінші оқылымда мақұлданғаны жөнінде хабарланған болатын.

Мақаланың басында аталған адвокаттық, нотариаттық қызметтер және жеке сот орындаушыларының қызметі саласында оларды біріктіруші кәсіби ұйымдарының бар болғанына біраз жылдар болған.

Сондай-ақ, осы салаларда қызмет көрсетуге ынталы тұлғалар реттеуші заңнамалық актілерде көрсетілген кәсіби ұйымдарға мүше болуы міндетті деп көрсетілген. Мәселен, «Адвокаттық қызмет туралы» Қазақстан Республикасының 1997 жылғы Заңы тәрізді кейбір заң актілерінде қызметтерді тұтынушылар алдында мүлктік жауапкершілік туралы нормалар көзделмеген болатын. Осы «Адвокаттық қызмет туралы» Заң шеңберінде адвокаттардың қызметі ғана реттелген еді, ал азаматтық сот ісін жүргізуде құқықтық кеңес беру қызметін жүзеге асыратын өзге тұлғалардың кәсіби қызметі осы нормативтік құқықтық актімен қамтылмаған болатын [17].

Бұл құқықтық кемшілік 2018 жылы қабылданған «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы шеңберінде жойылды. Мұнда осы тұлғалардың кәсіби қызметін реттеу үшін құқықтық негізі орнатылды және заң консультанты ұғымына түсініктеме берілді, құқықтары мен міндеттері көрсетілді.

Заң консультанттары міндеттерінің қатарында, олар заң консультанттары палаталарының бірінің мүшесі болуға, сондай-ақ, қызмет көрсету кезінде кәсіби қызметін сақтандыруға тиіс деген міндеттемелері белгіленді.

Өзін-өзі реттейтін, міндетті мүшелікке негізделген және кемінде елу заң консультанттарын мүшелік негізінде біріктіретін ұйым болып табылатын заң консультанттары палатасы деп тиісті түсініктеме берілді. Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын және өзін-өзі реттейтін ұйым палатасының ережелері мен стандарттарын сақтауы бөлігінде заң консультанттарының қызметін реттеу осы палатаның мақсаты болып табылады [18].

Сондай-ақ, 2018 жылғы қаңтарда «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Заң осы қызмет түріне өзін-өзі реттеу институтын енгізу үшін құқықтық негізін бекітті.

Осы «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» Заңның нормаларына сәйкес бағалаушы куәлік негізінде кәсіби қызметті жүзеге асыратын және өзін-өзі реттейтін ұйым болып табылатын бағалаушылар палатасының мүшесі болып табылатын тұлға болып табылады. Бағалаушылар палатасы оның мүшелерінің бағалау қызметінің сапасын бақылауды жүзеге асыру, бағалаушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау мақсатында құрылады. Бағалаушылар палатасы аталған өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің өз қызметінде үнемі пайдалануы үшін өз ережелері мен стандарттарын белгілейді. Заңда бағалаушылар палатасы мүшелерінің кәсіби қызметті жүзеге асыру кезінде тапсырыс берушілер мен бағалаушылардың үшінші тұлғалары алдындағы мүліктік жауапкершілігінің түрлі тәсілдері қарастырылған [19].

Мысалы, адвокаттық қызмет және заң көмегі, сондай-ақ, бағалау қызметі салаларында мүліктік жауапкершілікті қамтамасыз ету тәсілі ретінде азаматтық-құқықтық жауапкершілікті сақтандыру белгіленген.

Кейбір отандық ғалымдардың айтуынша, әлемдік тәжірибеде сақтандыру мүліктік жауапкершілікті қамтамасыз етудің ең арзан түрі болып табылады.

Басқа мүліктік жауапкершілікті қамтамасыз ету түрлеріне қарағанда сақтандырудың артықшылығы – сақтандыру жарнасының үлкен көлемде болмаса да мүліктік шығынды толық жабу мүмкіндігінің бар болуы [20].

Тұтынушылардың мүдделерін қорғау тұрғысынан өзін-өзі реттейтін ұйым мүшелерінің қызметінде ең маңызды құрамдас бөлігі осы өзін-өзі реттейтін ұйымның стандарттары мен қағидалары талаптарының сақталуына өзіндік бақылаудың болуы және тұтынушылар алдында мүліктік жауапкершілікті қамтамасыз ету болып табылады.

Қорытындылай келіп, 2018 жылы «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» және «Адвокаттық қызмет және Заң қызметі туралы» Қазақстан Республикасының заңдарымен мүлікке бағалау жүргізу және заң көмегін көрсету салаларында өзін-өзі реттейтін ұйымдарды қалыптастыру үшін қажетті құқықтық негіздер белгіленді деп айтуға болады.

Өзін-өзі реттеу институты көптеген батыс елдерінде, атап айтқанда АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Австралия және т.б. сияқты экономикасы дамыған елдерде кеңінен қолданылуда.

Олардың тәжірибесінің негізінде осы реттеу түрінің қандай тарихи даму сатыларында болғанына көз жүгіртуге болады.

Өзін-өзі реттеу институтының болуының халықаралық тәжірибесі өзін-өзі реттеу оң өзгерістер мен қызметтерді тұтынушыларға белгілі бір тәуекелдерді әкелуші бола алатынын көрсетеді.

Канадада кәсіби қызметті өзін-өзі реттеу институтының тарихы он тоғызыншы ғасырдан бастау алады. Алғашқы жабық (нарықта қызмет көрсетуге лицензияланатын немесе кәсіпті тіркеуді талап ететін қызмет түрлері) және өзін-өзі реттейтін кәсіптердің қатарында медицина, құқық, стоматология, фармация және жерге орналастыру жұмыстары болған. Жиырмамыншы ғасырда өзін-өзі реттеудің өкілеттігі мен артықшылықтары көптеген өзге де мамандықтарға тараған. Заңнама деңгейінде біліктілігі бар тұлғалар тәжірибемен айналысу құқығын анықтау маңызды болды. Өзін-өзі реттеу кәсіби мүдделерді ілгерілету және кәсіби

қызметке кіру стандарттарын арттыру арқылы қоғамға пайда әкеледі деп есептелген. Алайда, жиырмасыншы ғасырдың 70-ші жылдары Канаданың жекелеген провинцияларында қосарлы реттеу қағидаты (Квебек провинциясы) енгізілді, өйткені мемлекеттік қадағалауды күшейту және кәсіби қызметті жүзеге асыру үшін кіруді анықтау құқығы бөлігінде реттеуші органдардың кейбір нормативтік артықшылықтарын жою туралы пікір басым бола бастады. 2000-2010 жылдары Канаданың кейбір жерлерінде кәсіптік қызметтегі өзін-өзі реттеу институты оның бәсекелестер нарығына кіруге кедергі келтіретін және тұтынушылардың таңдауын шектейтін рөлі тұрғысынан қарастырыла бастады. Заңнамаға елеулі өзгерістер жасалып, кәсіби ұйымдарды есеп беруге міндеттейтін тетіктер енгізілді. Нәтижесінде мемлекетке қоғамдық мүдделерді қорғау үшін кәсіби ұйымдарды реттеу мүмкіндігі пайда болды. Тиісінше, Онтарио провинциясында нарықта бәсекелестіктің болуы тұтынушылар үшін ең жақсы қорғау болып табылады деген көзқараспен реттеудің баламалы түрлерін қарастыра бастады. Автордың пікірінше, соңғы онжылдықта ағылшын-америкалық елдерде кәсіптердің өзін-өзі реттеу қоғамдық мүдделерге қаншалықты қызмет еткендігі тұрғысынан, кәсіптердің өзін-өзі реттеуіне күмәнмен қарай бастаған. Өзін-өзі реттейтін мамандықтар бойынша нарыққа кіруге, бәсекелестікті шектеуге және тұтынушылық таңдау жасауға тосқауылдар қояды деген сынға ұшырады. Сонымен қатар, осы елдегі өзін-өзі реттеуді дамытуда қоғамдық мүдделерді қорғау мен тиімді нарықтық қызмет арасындағы тепе-теңдікті табу бойынша ізденіс жүріп жатыр деп есептейді [10].

АҚШ-та өзін-өзі реттеу институты бірнеше ғасырлар бойы қолданыста болған және бүгінгі күні мемлекеттік реттеумен салыстырғанда өзгеше реттеудің тиімді жолдарының бірі болып табылады.

АҚШ үкіметі сыртқы сауда саласындағы заңнамалық актілерді әзірлеуде және сыртқы саяси қатынастар саласында маңызды шешімдер қабылдау кезінде ұлттық өнеркәсіпшілер қауымдастығы – National Association of

Manufacturers (бұдан әрі - NAM) сияқты ықпалды ұйымдардың қолдауына қол жеткізу маңызды деп санайды. Айта кету керек, NAM 1895 жылы Цинциннати, Огайо штатында құрылған. NAM ірі және шағын өнеркәсіп кәсіпорындарын біріктіреді және барлық елу штаттың индустриялық саласының мүдделерін қорғайды және өндірушілерге оң ықпал ететін сауда саясатын ілгерілетуге қатысады [2].

Ұйымдастырылу деңгейі жоғары өзін-өзі реттейтін ұйым қызметінің жарқын мысалы ретінде АҚШ-тағы қаржы индустриясын реттеу жөніндегі басқаруды реттеуші орган - Financial Industry Regulatory Authority (бұдан әрі – FINRA) келтіруге болады. АҚШ-та брокер қызметімен айналысу үшін осы өзін-өзі реттейтін ұйымға мүшелік міндетті болып табылады. 2007 жылы Бағалы қағаздар жөніндегі дилерлер ұлттық қауымдастығы – National association of securities dealers (NASD) және Нью-Йорк қор биржасын реттеу жөніндегі бөлімшесі – New York stock exchange (NYSE) бірігуінің нәтижесінде FINRA құрылды. Осы өзін-өзі реттейтін ұйым – FINRA федералдық заңмен инвестицияларды және инвесторларды қорғау үшін қаржы нарықтарының адал жұмысын қамтамасыз етуге бағытталған жұмыс атқарады, сондай-ақ, FINRA-ның қызметіне АҚШ-тың Бағалы қағаздар мен биржаны қадағалау комиссиясы – U.S. Securities and Exchange Commission (SEC) бақылау жасайды қажет [21].

FINRA-ның өкілеттігінің шеңберіне брокерлерге білім беру және лицензиялау, тексерулер мен тергеу жүргізу, дауларды қарастыру және арбитражды басқару, фирмаларға қатысты тәртіптік өндірістерді жүзеге асыру, олардың қызметін уақытша тоқтату, нарыққа талдау жасау, жарнамалауды реттеу, ережелер шығару және т.с.с функциялар кіреді. Атап кету қажет, бұл өзін-өзі реттеу ұйымының ережелері қабылданбас бұрын АҚШ-тың Бағалы қағаздар мен биржаны қадағалау комиссиясымен мақұлданыуы қажет [21].

Айта кету қажет, АҚШ-тың осы бағалы қағаз бен биржа қызметі салаларының өзін-өзі реттеу ұйымының қызметіне бақылау жасайтын мемлекеттік органның бар болуы тараптардың

барлығына тиімді деуге болады. Мұнда бір жағынан нарықтағы брокерлер үшін бірыңғай әдістемеліктер, оқыту курстары, ережелер мен стандарттар арыздар мен өтініштер қарастыру тетіктері белгіленген, ал екінші жағынан мемлекет үшін жауапты бір органға бақылау жүргізуге оңтайлы аппарат ұстауға мүмкіндік береді деген пікірге жетелейді.

Сондай-ақ, өзін-өзі реттеу институты халықаралық тәжірибеде маркетингтік құрал ретінде де пайдаланылады және тұтынушыларды тартудағы бизнес үшін шешуші сәт болып, әлеуетті серіктестермен жаңа сауда қарым-қатынастарына кірісу кезінде мүмкіндіктерін арттырады. Бұдан басқа, кәсіпорындар өзін-өзі реттеуге қатысу фактісін жарнамалауы мүмкін.

Бүгінгі таңда Австралияда өзін-өзі реттеу қаржы секторы, фармацевтика, маркетинг, телекоммуникация, жарнама және т.б. сияқты әртүрлі секторларда қолданылады. Өзін-өзі реттеуге көбінесе өнімнің немесе қызметтің сапасын жақсарту үшін салалық стандарттарды жетілдіру құралы ретінде пайдаланылады [22].

Мысал ретінде, ет мал шаруашылығы өнеркәсібі нарығында коммерциялық емес салалық ұйым – Meat and Livestock Industry (бұдан әрі – MLA) келтіруге болады. MLA Австралия өндірушілерінің ет өнімдерін ішкі және сыртқы нарықта ілгерілетуді жүзеге асырады. Аталған ұйым Австралия үкіметі мен өндірушілердің қолдауымен ет өнімдерін өткізу бойынша, оның ішінде маркетинг пен салалық зерттеулерді қоса алғанда, кең ауқымды қызмет атқарады [23]. Австралияның ет және мал шаруашылығы саласындағы жүзеге асырып отырған саясаты сияқты, бүгінгі таңда қазақстандық өнімді экспортқа шығару жөніндегі функцияны мемлекеттік даму институттары мен Қазақстан Республикасының Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы жүзеге асырады.

Өндірушілер үшін салалық өзін-өзі реттейтін ұйымдарға мүшелік бәсекелестік ортада тұтынушының нарықтағы сенімін арттыруға көмек көрсете алатынын белгілі. Шаруашылық жүргізуші субъектілер үшін өзін-өзі реттеуді енгізудің келесі

артықшылығы тұтынушылардың хабардар болуын арттыру болуы мүмкін.

Мұнда тұтынушылардың өнімдер туралы хабардарлығын арттыру арқылы өндіруші тиісті өнім нарығындағы басқа жеткізушілерге қарағанда бәсекелестік артықшылыққа ие болады.

Ғылыми әдебиеттерге сүйенсек, өзін-өзі реттеу институты кәсіпкерлік құқық саласының бірі ретінде өнім өндірушілер мен тұтынушылар арасындағы өзара қарым-қатынасты реттеу аясында пайда болған.

Қазақстанның кәсіпкерлігі үшін өзін-өзі реттеу институтын дамыту дауларды шешудің неғұрлым тиімді тетігін қалыптастыруға көмектесе алады, бұл сондай-ақ шағын және орта бизнесті дамытуға ықпал етеді. Сондай-ақ, өзін-өзі реттеу институтының мүмкін артықшылықтары, бұл адал емес тәжірибелермен күресу мүмкіндігін алу. Ережелер мен стандарттармен өзін-өзі реттейтін ұйымның бар болуы шағымдармен жұмыс жасауды жақсартуға, оқу курстарын ұйымдастыруға, дауларды шешу үшін тиімді тетіктерді енгізуге және т.б. сияқты нақты мәселелерді шешуге мүмкіндік берер еді.

Соңғы үш жылда қабылданған заңнамалық актілер мен қолданыстағы салалық заңдарға енгізілген өзгертулер мен толықтырулардан байқап отырғанымыздай, Қазақстандағы өзін-өзі реттеу институтын қалыптастырудың құқықтық негізін құру жөніндегі жұмыс жүйелі түрде жүзеге асырылып отыр.

Жоғарыда баяндалған өзін-өзі реттеу институтының бүгінгі таңда қалыптасу сатысында екеніне кейбір уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сайттарында берілген өзін-өзі реттейтін ұйымдар тізілімдерінен байқауға болады.

Мысалы, Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми сайтында берілген тізілімге сәйкес, бүгінгі таңда 21 өзін-өзі реттеу ұйымы – заң консультанттарының палаталары құрылып, 1750-ден астам маманды біріктіріп отыр [24].

Ал, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ресми сайтында берілген мәліметтерге сүйенсек, бүгінгі таңда ресми тізілімде 1346 бағалау қызметін көрсететін 4 өзін-өзі реттейтін ұйым – бағалаушылар

палаталары тіркелген [25]. Бұл заңмен белгіленген өзін-өзі реттеуші ұйымға мүше болу кәсіби қызметпен айналысудың шарты болып табылатын екі саладағы деректер.

Алайда, өзін-өзі реттеу ерікті мүшелікке негізделген түрі бойынша кәсіби ұйымдар белсенділігі төмен болып отыр. Мәселен, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің сайтында жалпы саны 52 жеке тұлға мен 26 заңды тұлғаны біріктірген 6 өзін-өзі реттеуші ұйым тіркелген [26].

Ал Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің сайтындағы деректерге сүйенсек, салық және кеден мәселелері бойынша кеңесшілік қызмет көрсету бойынша 13 жеке тұлғаны және 19 заңды тұлғаны біріктіріп отырған 4 өзін-өзі реттеуші ұйым ресми тізілімге тіркеліп отыр [27].

Бұл мәліметтер тек өзін-өзі реттеу саласын қалыптастыру бойынша жұмыс тек бастапқы сатысында екенін көрсетеді, өйткені белгіленген нысанға сәйкес толық мәліметтер берілмеген. Мүмкін себептердің бірі, өзін-өзі реттеу саласындағы заңнаманың қазіргі уақытта тек осы саланың жалпы ұғымдары мен қағидаттары белгілегенін, ал кәсіпкерлік ортада қызығушылық деңгейі жеткілікте болмауы деген қорытындыға алып келеді.

Осыған орай, Қазақстандағы өзін-өзі реттеу институтының қалыптасуына тиісті іс-шараларды саланың ерекшеліктерін ескере отырып, қарастырған орынды болады.

Жоғарыда баяндалған өзін-өзі реттеу институтының даму жолы мен елде жүргізіліп жатқан үрдістерді негізге алып мынадай қорытындылар тұжырымдалды:

1. Қазақстанда жүргізіліп жатқан әкімшілік реформа аясында қолданыстағы кәсіптік бірлестіктерді өзін-өзі реттейтін ұйымдарға айналдыруды жеделдетуді және кәсіпкерлік ортада жаңа өзін-өзі реттейтін ұйымдар пайда болуы жөн болатын еді. Бұл ретте, аталған ұйымдарды ынталандыру шараларын қарастыру қажет.

2. Отандық өнімді сыртқы нарықтарда кеңінен таныта алатын

өндірушілер арасында өзін-өзі реттейтін ұйымдарды қалыптастыру үшін қолдаудың түрлерін кеңейту мәселесін қарау жөн болар еді. Мемлекет салалық өзін-өзі реттейтін ұйымдар арқылы әртүрлі қолдау түрлерін ұсынған жағдайда сыртқы нарықтарға шығу үшін отандық өндірушілердің бірігуіне ықпал етуі мүмкін болар еді.

3. Жоғарыда аталған артықшылықтарға қол жеткізу сондай-ақ қабылданған міндеттемелердің салмағы немесе күші, салалық қамту, өзін-өзі реттейтін ұйымның барлық мүшелерінің белгіленген міндеттемелер мен стандарттарды қолдау дәрежесі, міндеттемелерді сақтамау салдарлары ретінде жауапкершілік туындауы сияқты белгілі бір шарттардың болуын талап етеді. Сондай-ақ, өзін-өзі реттейтін ұйымдардың іс-әрекетін бақылауды жүзеге асырудың өміршең тетіктерін құру аталған саладағы қызметті жүзеге асыру үшін оларға міндетті мүшелік көзделген жағдайда маңызды болып табылады.

Осыған байланысты, бәсекелестікті шектеуге жол бермеу және көрсетілген өзін-өзі реттейтін ұйымдардың белгілі бір нарыққа кіруге кедергі келтіруді болдырмау мақсатында реттеуші мемлекеттік органдар тарапынан мониторингті жүзеге асыру тетігін әзірлеу орынды болады. Мысалы, Ұлыбританияның тәжірибесі бойынша өзін-өзі реттейтін ұйымдарға тиімді мониторингті іске асыру үшін жеткілікті өкілеттіктері мен тиісті ресурстары бар монополияға қарсы органның қолда бар өкілеттіктерін кеңінен пайдалануға болады.

Тұтастай алғанда, батыс елдеріндегі өзін-өзі реттеу институтының шарықтауы мен құлдырауына зер сала отырып, сондай-ақ, оның кәсіпкерлік үшін әкімшілік кедергілерді төмендетудегі рөліне сүйеніп, реттеудің осы түрін Қазақстанда мемлекеттік реттеуге балама ретінде экономикасы дамыған елдердегі орын алған тәуекелдерді пысықтап, олардың алдын алуды ескере отырып, енгізуге болады деген қорытынды жасалады.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Қазақстан Республикасының Президенті – Ұлт Көшбасшысы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Қазақстан-2050 Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы, 2012 жылғы 14 желтоқсан//www.akorda.kz.
2. Шамхалов Ф. Основы теории государственного управления: учебник для вузов. М.: ЗАО «Издательство «Экономика» – 2003. – 518с. – ISBN 5-282-02241-9
3. Tumen J. van der Ploeg, Wino J. M. van Veen, Cornelia R. M. Versteegh, Civil Society in Europe and the European Convention on Human Rights // – Cambridge: Cambridge University Press.– 2017 – ISBN 9781316536407
4. Қазақстан Республикасының «Қоғамдық бірлестіктер туралы» 1996 жылғы 31 мамырдағы №3 Заңы.
5. Н.Ә.Назарбаевтың Бес институционалды реформасын жүзеге асыру бойынша 100 нақты қадам – Ұлт жоспары, 2015 жылғы 20 мамыр //www.akorda.kz.
6. Қазақстан Республикасының «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» 2010 жылғы 2 сәуірдегі №261-IV Заңы
7. Институциональная экономика: Новая институциональная экономическая теория; Учебник / Коллектив авторов / под ред. А.А.Аузана. – 2-е изд. – М. ИНФРА-М, 2011-447с. – (Учебники экономического факультета МГУ им. М.В.Ломоносова). – ISBN978-5-16-004387-6
8. Саморегулирование как способ правового регулирования отношений в сфере предпринимательства: предпосылки, воплощение и перспективы развития : монография / Д.А. Петров. — Москва : Проспект, 2016. — 366 с. — ISBN 978-5-392-19689-0.
9. Ершова И.В. Саморегулирование предпринимательской и профессиональной деятельности: вопросы теории и законодательства // Актуальные проблемы российского права. 2014. №10. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/samoregulirovanie-predprinimatelskoy-i-professionalnoy-deyatelnosti-voprosy-teorii-i-zakonodatelstva> (сайтқа жүгінген күні 2019 жылғы 15 сәуір).
10. Tracey L. Adams. Professional Self-Regulation and the Public Interest in Canada// Professions and professionalism. // <http://dx.doi.org/10.7577/pp.1587>
11. Алгазина А.Ф. Саморегулирование как вид управленческой деятельности // Правоприменение. 2017. №2. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/samoregulirovanie-kak-vid-upravlencheskoy-deyatelnosti> (сайтқа жүгінген күні 2019 жылғы 15 сәуір).
12. Eilís Ferran. The liberalisation of financial markets: the regulatory response in the United Kingdom // Publisher: Cambridge University Press. // <https://doi-org.i.ezproxy.nypl.org/10.1017/CBO9780511494505.004>
13. Ряховская А. Н. Условия и факторы развития института саморегулирования в России // CPPM. 2010. №4. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/usloviya-i-factory-razvitiya-instituta-samoregulirovaniya-v-rossii> (сайтқа жүгінген күні 2019 жылғы 15 сәуір).
14. Қазақстан Республикасының «Өзін-өзі реттеу туралы» 2015 жылғы 12 қарашадағы №390-V Заңы.
15. Қазақстан Республикасының Кәсіпкерлік Кодексі 2015 жылғы 29 қазандағы № 375-V ҚРЗ.
16. Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің ресми сайты. – <https://primeminister.kz/ru/news/all/pravitelstvo-odobrilo-perechen-gosfunksii-dlya-peredachi-v-konkurentnuu-sredu-15358> – (сайтқа жүгінген күні 2019 жылғы 24 ақпан).
17. Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет туралы» 1997 жылғы 5 желтоқсандағы №195-І Заңы.
18. Қазақстан Республикасының «Адвокаттық қызмет және заң көмегі туралы» 2018 жылғы 5 шілдедегі № 176-VI ҚРЗ. Заңы
19. Қазақстан Республикасының «Қазақстан Республикасындағы бағалау қызметі туралы» 2018 жылғы 10 қаңтардағы № 133-VI ҚРЗ Заңы.
20. Бабаджанян Е.Л., Даутбаева-Мухтарова А.Е., Саябаев Д. Способы обеспечения имущественной ответственности саморегулируемых организаций.// – Экономика.Финансы.Исследования. №3 – 4 (44), 2018 – ISBN1813-3983
21. 2017 FINRA Annual Financial Report. – <https://www.finra.org/about> – (сайтқа жүгінген күні 2019 жылғы 1 наурыз).
22. Industry Self-Regulation in Consumer Markets. Report – <http://archive.treasury.gov.au/contentitem.asp?NavId=014&ContentID=1131> (сайтқа жүгінген күні 2019 жылғы 1 наурыз).
23. Strategic plan MLA. – https://www.mla.com.au/globalassets/mla-corporate/about-mla/documents/who-we-are-corporate-goverance/mla-strategic-plan_doc_2020_web (сайтқа жүгінген күні 2019 жылғы 1 наурыз).
24. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің ресми сайты. Заң консультанттары палаталарының тізілімі. – <http://www.adilet.gov.kz/ru/articles/reestr-samoreguliruemyh-organizaciy> (сайтқа жүгінген күні 2019 жылғы 9 сәуір).
25. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің ресми сайты. Өзін-өзі реттейтін ұйымдардың тізілімі. – http://www.minfin.gov.kz/irj/portal/anonymous?NavigationTarget=ROLES://portal_content/mf/kz.ecc.roles/kz.ecc.anonymous/kz.ecc.anonymous/kz.ecc.anonym_activities/activities/state_regulation – (сайтқа жүгінген күні 2019 жылғы 9 сәуір).
26. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің ресми сайты. Өзін-өзі реттейтін ұйымдардың тізілімі. – <http://dsm.gov.kz/ru/kategorii/reestr-samoreguliruemyh-organizacii> – (сайтқа жүгінген күні 2019 жылғы 9 сәуір).
27. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік кірістер комитетінің ресми сайты. Өзін-өзі реттейтін ұйымдардың тізілімі – <http://kgd.gov.kz/kk/content/ozin-ozii-retteytin-uyymdardyn-tizilimi> – (сайтқа жүгінген күні 2019 жылғы 9 сәуір).